

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 24 қазан N 713 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды талдап жасау мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия 2002 жылғы 1 желтоқсанға дейін мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасын әзірлеуді қамтамасыз етсін. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2002.11.14. N 972 жарлығымен .

4. Осы Жарлықтың іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. Қаулыға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2002.02.09. N 804 Жарлығымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 4 қ а з а н д а ғ ы

қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 9 ақпандағы № 804 Жарлығымен, өзгеріс енгізілді - 2002 жылғы 14 қарашадағы № 972 жарлығымен, 2003 жылғы 04 тамыздағы № 1159 жарлығымен, жаңа редакцияда - 2005.02.14. № 1519 Жарлығымен, 2005.08.22. № 1630 Жарлығымен.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның

ҚҰРАМЫ

Ахметов - Қазақстан Республикасының
Даниал Кенжетайұлы Премьер-Министрі, төраға
Есімов - Қазақстан Республикасы
Ахметжан Смағұлұлы Премьер-Министрінің орынбасары,
төрағаның орынбасары
Балиева - Қазақстан Республикасының Әділет
Зағипа Яхияқызы министрі, төрағаның орынбасары
Келімбетов - Қазақстан Республикасының
Қайрат Нематұлы Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрі, төрағаның орынбасары

Комиссия мүшелері

Әлиев - Ақмола облысы әкімдігі экономика
Жаңабай Рақышұлы және бюджеттік жоспарлау
департаментінің директоры
Ахаев - Шығыс Қазақстан облыстық
Василий Иванович мәслихатының хатшысы (келісім
бойынша)
Ахметов - Ақмола облысы Целиноград ауданы
Ғабдол Есенбекұлы Романов ауылдық округінің әкімі
Бексейітов - Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау
Алтынбек Климұлы ауданы Белогор ауылдық округінің
әкімі
Бөкенов - Алматы қаласы әкімінің бірінші
Қайрат Ахмадиұлы орынбасары
Бурлаков - Қазақстан Республикасы Парламенті
Леонид Николаевич Сенатының Өңірлік даму және

жергілікті өзін-өзі басқару
мәселелері комитетінің төрағасы

(келісім бойынша)

- Бурлаченко - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің
Светлана Николаевна орынбасары
- Имантаев - Қазақстан Республикасы
Ермек Жетпісбайұлы Президентінің Әкімшілігі
Мемлекеттік бақылау және
ұйымдастыру жұмысы бөлімінің
мемлекеттік инспекторы
- Коржова - Қазақстан Республикасының
Наталья Артемовна Экономика және бюджеттік жоспарлау
вице-министрі
- Қосжанов - Қазақстан Республикасы
Төрехан Бекболұлы Президентінің Әкімшілігі
Әлеуметтік-экономикалық талдау
бөлімінің бас инспекторы
- Мамытбеков - Астана қаласы әкімінің орынбасары
Асылжан Сарыбайұлы
- Марченкова - Ақмола облыстық мәслихаты тексеру
Галина Альбертовна комиссиясының төрайымы (келісім
бойынша)
- Мусина - Қазақстан Республикасының Ауыл
Лилия Сәкенқызы шаруашылығы вице-министрі
- Овчинников - Шығыс Қазақстан облысының Өскемен
Сергей Александрович қаласы Меновнов ауылдық округінің
әкімі
- Омаров - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің
Жасұлан Ысқақұлы орынбасары
- Райымбеков - Қазақстан Республикасы Жер
Каналбек Ұтжанұлы ресурстарын басқару агенттігі
төрағасының орынбасары
- Редкокашин - Астана қаласы мәслихатының хатшысы
Владимир Николаевич (келісім бойынша)
- Сағадиев - Қазақстан Республикасы Парламенті
Кенжеғали Әбенұлы Мәжілісінің Қаржы және бюджет
комитетінің төрағасы (келісім
бойынша)

Сапаров - Батыс Қазақстан облыстық
Табылғали Сәтқалиұлы мәслихатының хатшысы (келісім
бойынша)

Семидоцкая - Ақмола облысының Шортанды ауданы
Антонина Васильевна әкімінің орынбасары

Сухорукова - Қазақстан Республикасы Парламенті
Вера Николаевна Мәжілісінің Экономикалық реформа
және өңірлік даму комитетінің
төрайымы (келісім бойынша)

Төлесбаев - Шығыс Қазақстан облысының Семей
Қанатжан Есентайұлы қаласы әкімінің орынбасары

Тұңғышбеков - Қазақстан Республикасы Ауыл
Санат Тұңғышбекұлы шаруашылығы министрлігінің Ауылдық
аумақтар істері комитетінің
төрағасы

Өтебаев - Қазақстан Республикасы Парламенті
Мүсірәлі Смайылұлы Сенатының Экономика, қаржы және
бюджет комитетінің төрағасы
(келісім бойынша)

Өтемісов - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық
Шавхат Әнесұлы ауданының әкімі

Хамитов - Батыс Қазақстан облысы әкімінің
Асқар Шәңгерейұлы орынбасары

Баяндаров - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің
Мағзам Тоғжанұлы бірінші орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 4 қ а з а н д а ғ ы

№ 7 1 3 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді
ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі
мемлекеттік комиссия туралы**

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді
ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі

мемлекеттік комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) қызметін реттейді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2002.02.09. N 804 Жарлығымен .

2. Комиссия қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

2. Комиссияның міндеттері мен функциялары

3. Комиссияның негізгі міндеті Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату саласында тиімді шешімдерді талдап-жасау және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру болып т а б ы л а д ы .

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2002.02.09. N 804 Жарлығымен .

4. Комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне жүктелген міндеттерге с ә й к е с :

1) мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасында оңтайлы бөлу жөнінде;

2) мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасында бюджетаралық қатынастар мәселелері ж ө н і н д е ;

3) мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде шешімдер қабылдауда үлкен дербестік беру бөлігінде мемлекеттік басқаруды жетілдіру жөнінде;

4) мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің қызмет саласын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындап, Қазақстан Республикасының Президентіне енгізеді.

3. Комиссияның құқықтары

5. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға, сондай-ақ Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін мамандар мен сарапшыларды жұмысқа тартуға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және басқа да ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және а л у ғ а ;

3) Комиссияның міндеттерін іске асыруға байланысты мәселелер бойынша бірінші басшыларды, ал олар болмағанда мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бірінші басшысының міндетін атқарушы тұлғаларды Комиссияның отырысына ш а қ ы р у ғ а және т ы ң д а у ғ а ;

4) оның құзыретіне енетін мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға және ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

4. Комиссияны қалыптастыру тәртібі және оның қызметі

6. Комиссияны Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады.

Комиссияның құрамына:
Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері;
Парламент депутаттары (келісім бойынша);
мемлекеттік органдардың бірінші басшылары және (немесе) олардың орынбасарлары;
жекелеген облыстардың, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың әкімдері кіреді.

Комиссияның құрамына қажет болған жағдайда басқа да тұлғалар енгізілуі мүмкін.

7. Комиссияның органдары:

- 1) Комиссияның төрағасы;
- 2) Комиссия төрағасының орынбасарлары;
- 3) хатшылық.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2005.02.14. N 1519 Жарлығымен.

8. Комиссияның жұмыс органы ретінде хатшылықтың функциясы Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жүктеледі. < * >

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2002.11.14. N 972 жарлығымен.

9. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Комиссияның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерін іске асыру жөнінде жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін жауапкершілікте болады. Комиссия төрағасы болмаған уақытта оның функциясын төраға белгілеген төрағаның орынбасары орындайды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2005.02.14. N 1519 Жарлығымен.

10. Комиссияның отырысы қажеттілігіне қарай, тоқсанында кемінде бір рет өткізіледі. < * >

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2002.11.14. N 972 жарлығымен.

11. Комиссияның мүшелерінің отырыстарға қатысу жөніндегі өзінің өкілеттіктерін басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

12. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер олар үшін Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе,

қабылданған болып саналады. Комиссия мүшелері шешімдер қабылдаған кезде тең дауыстарға ие. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

13. Комиссия отырыстары күн тәртібінің мәселелерін қараудың нәтижелері әрбір мәселе бойынша дауыс берудің қорытындылары көрсетіле отырып, тиісті хаттамаларға енгізіледі. Комиссия қабылдаған шешім Комиссияның төрағасы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Комиссияның мүшелері қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, мәжілістің хаттамасына қосылып тіркелетін ерекше пікірін жазбаша түрде айтуға құқығы бар.

14. Комиссияның өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында қабылдаған шешімдерін барлық мемлекеттік органдар көрсетілген мерзімде міндетті түрде қарауға және орындауға тиіс.

15. Хатшылықтың функциялары Комиссия отырыстарына материалдар айындау, оларды Комиссия мүшелеріне жіберіп отыру, Комиссия отырыстарының хаттамаларын дайындау, Комиссияның құзыретіне енетін мәселелер бойынша орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

5. Комиссияның қызметін тоқтату

16. Комиссияның қызметін тоқтатуға:

- 1) Комиссияға жүктелген міндеттемелерді орындауы;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің Комиссияның қызметін тоқтату туралы шешім қабылдауы негіз болып табылады.

17. Осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген, Комиссияның қызметін тоқтатуға әкеп соқтыратын жағдайлар туындаған кезде, Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жасалған жұмыс туралы есеп-хат жіберіледі.